

2012 жылғы 5 желтоқсандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Қаржы барлау бөлімшелері басшыларының кеңесін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 46 Жарлығы
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е з и д е н т і м е н Ү к і м е т і а к т і л е р і н і ң
жинағында жариялануға тиіс

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1) тармақшасына сәйкес
Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қоса беріліп отырған 2014 жылғы 10 қазанда Минскіде жасалған 2012 жылғы 5 желтоқсандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Қаржы барлау бөлімшелері басшыларының кеңесін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама бекітілсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті *Н.Назарбаев*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е з и д е н т і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 3 0
№ 4 6 Ж а р л ы ғ ы м е н
БЕКІТІЛГЕН

2012 жылғы 5 желтоқсандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Қаржы барлау бөлімшелері басшыларының кеңесін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер

қылмыстық кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылда ынтымақтастықты дамытуға маңызды мән бере және өзара іс-қимылды үйлестіруге ұмтыла отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Қаржы барлау бөлімшелері басшылары кеңесін қалыптастыру және дамыту қажеттілігін негізге ала

о т ы р ы п ,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

2012 жылғы 5 желтоқсандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Қаржы барлау бөлімшелері басшыларының кеңесін құру туралы келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Қаржы барлау бөлімшелері басшыларының кеңесі туралы ереженің 5-бөліміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. 5.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«5.1. Кеңестің қызметін ұйымдық-техникалық және ақпараттық қамтамасыз етуді Х а т ш ы л ы қ жү з е г е а с ы р а д ы .

Кеңестің шешімі бойынша Хатшылықтың функцияларын, оның ішінде тұрақты негізде, осы Келісімге қатысушы мемлекеттің қаржы барлау бөлімшелерінің бірі орындайды. Осы функцияларды қаржы барлау бөлімшесі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінің тиісті құрылымдық бөлімшесімен бірлесіп о р ы н д а й д ы .

Хатшылықтың басшысы Хатшылықтың функцияларын орындау жүктелген қаржы барлау бөлімшесінің өкілі, Хатшылық басшысының орынбасары — Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінің өкілі болып табылады.».

2. 5.3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«5.3. Хатшылықтың басшысын Хатшылықтың функцияларын орындау жүктелген қаржы барлау бөлімшесі басшысының ұсынуы бойынша Кеңес бекітеді.».

2-бап

Осы Хаттама қол қойылған кезден бастап уақытша қолданылады және оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы депозитарий үшінші хабарлама алған күннен бастап 30 күн өткен с о ң кү ш і н е е н е д і .

Мемлекетішілік рәсімдерді кейін орындаған Тараптар үшін осы Хаттама депозитарий тиісті құжаттарды алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

2014 жылғы 10 қазанда Минск қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды . Келісімнің төлнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жолдайды.

Әзербайжан Республикасы үшін Ресей Федерациясы үшін

*Армения Республикасы үшін Тәжікстан Республикасы үшін
ескертпемен*

Беларусь Республикасы үшін Түрікменстан үшін

Қазақстан Республикасы үшін Өзбекстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін Украина үшін

Молдова Республикасы үшін

Армения Республикасының ЕСКЕРТПЕСІ

Армения Республикасы 2012 жылғы 5 желтоқсандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Қаржы барлау бөлімшелері басшыларының кеңесін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманың 2-бабына сәйкес осы Хаттама күшіне енгенге дейін өзінің тиісті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы хабарлаған күнінен бастап уақытша қолданады.

Ар м е н и я Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті С.Саргсян

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК